

19 желтоқсан 2025 ж.



Air Astana акционерлік құрылымындағы өзгерістер туралы хабарлайды

«Эйр Астана» акционерлік қоғамы («Компания» және өзінің FlyArystan еншілес компаниясымен бірге - «Топ») акционерлік құрылымындағы өзгерістер туралы хабарлайды.

2024 жылғы 17 желтоқсанда BAE Systems Қоғамның шығарылған жарғылық капиталының 10.1%-ын құрайтын 9 000 000 ғаламдық депозитарлық қолхаттарды (ҒДҚ) сату процесін сәтті аяқтады. Аталған мәміледен кейін BAE Systems 6 109 982 ҒДҚ сақтап қалып, Қоғамның негізгі акционерлерінің бірі болып қала береді.

Бұл мәміле нәтижесінде сатылған ҒДҚ еркін айналымға шығарылып, әртараптандырылған нарық инвесторларының иелігіне өтті. Ешбір жаңа акционер бақылау пакетін немесе елеулі үлесті алған жоқ.

Осы мәміленің нәтижесінде Қоғамның еркін айналымдағы үлесі ұлғайды, алайда листинг құрылымы өзгеріссіз қалды: Қоғамның бағалы қағаздары Лондон қор биржасында, Astana International Exchange және Қазақстан қор биржасында тіркелген.

Қазіргі уақытта Қоғамның акционерлік құрылымы келесідей:

	Shares and GDRs	%
Самұрық-Қазына АҚ	146 175 791	41,00000052
BAE Systems(Kazakhstan) Limited	24 439 928*	6,855013774
Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры АҚ	23 218 330	6,51237483
Қазынашылық акциялар	2 451 086	0,687490908
Еркін айналымдағы үлес**	160 241 180	44,94511997
Барлығы	356 526 315	100

Анық болу үшін, еркін айналымдағы акциялар үлесін есептеу кезінде ірі, стратегиялық және мемлекет бақылауындағы акционерлердің иелігіндегі акциялар, сондай-ақ акцияларды кері сатып алу нәтижесінде қалыптасқан Қазынашылық акциялар есепке алынбайды.

6 109 982 ҒДҚ-ға сәйкес келеді (1 ҒДҚ = 4 акция).

**2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның еншілес ұйымы «Налук Finance» АҚ-тағы «Эйр Астана» АҚ шотынан алынған үзінді көшірмеге сәйкес, эмитенттің акцияларды кері сатып алу бағдарламасы шеңберінде сатып алынған 1 574 722 акция мен 219 091 ҒДҚ (1 ҒДҚ = 4 акция) есепке алынбайды.

Қосымша ақпарат үшін:

Air Astana Group

Инвесторлармен байланыс жөніндегі қызмет

investor.relations@airastana.com

Vigo Consulting (IR және PR сұрақтары бойынша кеңесші)

airastana@vigoconsulting.com

Air Astana тобы туралы

Air Astana тобы Орталық Азия мен Кавказ аймағындағы табыс көлемі мен әуе флотының ауқымы бойынша ең ірі авиациялық топ. Топ 62 әуе кемесінен тұратын флотқа ие, олардың бір бөлігі алғашқы рейсін 2002 жылы орындаған толық қызмет көрсететін Air Astana әуе компаниясына тиесілі, ал екінші бөлігі 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік әуе компаниясына тиесілі. Топ Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Парсы шығанағы елдері, Үндістан және Еуропа бағыттары бойынша ішкі, аймақтық және халықаралық желілерде жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асырады. Air Astana қатарынан он төрт жыл бойы Skytrax бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы үздік әуе компаниясы атанып келеді және тоғыз жыл қатарынан Орталық Азия және ТМД-дағы ең үздік борт қызметі үшін марапатқа ие болды. FlyArystan үш рет Skytrax бойынша Орталық Азия және ТМД-дағы үздік бюджеттік әуе компаниясы ретінде танылды. Бұған қоса, Air Astana APEX (Airline Passenger Experience Association) ұйымының «Ірі әуе компаниясы» санатында бес жұлдызды рейтингін алды. Топ Қазақстан қор биржасында, Астана халықаралық биржасында және Лондон қор биржасында (тикер: AIRA) тіркелген.